

Ұлытау облысында 2026 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 97/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 107-бабына, "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 7 маусымдағы №207 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32737 болып тіркелген) және "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 17 қазандағы №446 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33564 болып тіркелген) сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұлытау облысында 2026 жылға жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін.

2. "Ұлытау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. "Ұлытау облысында 2026 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д.Рыспеков

Ұлытау облысы әкімдігінің

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының саны
Жезқазған қаласы				
1	Ұлытау облысы білім басқармасының "Маруа Құлышева атындағы қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы" коммуналдық мекемесі	60	2	1
Сәтбаев қаласы				
2	"Сәтбаев қаласының №1 орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	173	3	5
3	"Сәтбаев индустриалдық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	61	2	1
4	"№27 жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	83	2	2
5	"Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	118	3	3
6	"Абай атындағы №4 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	177	3	5
Қаражал қаласы				

7	"Karazhal Operating" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	132	3	4
8	Ұлытау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қаражал қаласының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	144	3	4
Жаңаарқа ауданы				
9	Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің "№1 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	142	3	4
Ұлытау ауданы				
10	"Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ұлытау" мемлекеттің ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі	101	3	3
11	Ұлытау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Ұлытау ауданы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	54	2	1
	Барлығы	1245	29	33

Ұлытау облысы әкімдігінің

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналыстыру үшін жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
Жезқазған қаласы				
1	"ЖезТемірБетон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	1	1
Сәтбаев қаласы				
2	"Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	457	1	5
3	"УК Сүйікті қала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161	1	2
Қаражал қаласы				
4	Жәйрем кенті әкімі аппаратының "Жәйрем Болашақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	74	1	1
5	Қаражал қаласы әкімдігінің "Қалалық коммуналдық шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	77	1	1
Жаңаарқа ауданы				

6	Жаңаарқа ауданы әкімдігі Жаңаарқа ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің "Т а з а с у" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	70	1	1
	Барлығы	989	6	11

Ұлытау облысы әкімдігінің
" 04 " _____ 12 _____ 2025 жылғы
№ _____ 97/01 _____ қаулысына
3-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
Жезқазған қаласы				
1	"ЖезТемірБетон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	1	1
Сәтбаев қаласы				
2	"Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	457	1	5
3	"УК Сүйікті қала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161	1	2
Қаражал қаласы				
4	"Karazhal Operating" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	132	1	1
	Қаражал қаласы әкімдігінің "Қалалық коммуналдық шаруашылығы"			

5	шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	77	1	1
6	Жәйрем кенті әкімі аппаратының "Жәйрем Болашақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	74	1	1
Жаңаарқа ауданы				
7	Жаңаарқа ауданы әкімдігі Жаңаарқа ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің "Жаңаарқа-Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	129	1	1
Ұлытау ауданы				
8	"Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ұлытау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі	101	1	1
	Барлығы	1281	8	13

Ұлытау облысы әкімдігінің
" 04 " _____ 12 _____ 2025 жылғы
№ _____ 97/01 _____ қаулысына
4-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
Жезқазған қаласы				
1	Ұлытау облысы білім басқармасының "Маруа Құлұшева атындағы қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	1	1
Сәтбаев қаласы				
2	"Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	457	1	5
3	"Қазақмыс Дистрибьюшн" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	592	1	6
4	"Сәтбаев қаласының емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	345	1	3
	Барлығы	1454	4	15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК